

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы

Казахский государственный женский педагогический университет
Факультет казахской филологии и мировых языков
Кафедра методики обучения иностранному языку

Kazakh State Women's Teacher Training University
Faculty of Kazakh Philology and World Languages
Chair of Foreign Language Teaching Methods

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
70 жылдығына орай «Қазіргі кездегі көптілді білім беруді
дамытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
25 сәуір 2014 жыл**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
«Актуальные проблемы развития полиязычного образования
на современном этапе», посвященной 70-летию Казахского
государственного женского педагогического университета
25 апреля 2014 год**

MATERIALS

**of International Scientific and Practical Conference “Actual Issues
of Multilingual Education development at Modern Stage” devoted
to the 70th Anniversary of the Kazakh State Women's Teacher
Training University.
25 April 2014 year**

Алматы, 2014

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы

Казахский государственный женский педагогический университет
Факультет казахской филологии и мировых языков
Кафедра методики обучения иностранному языку

Kazakh State Women's Teacher Training University
Faculty of Kazakh Philology and World Languages
Chair of Foreign Language Teaching Methods



Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 70 жылдығына орай
«Қазіргі кездегі көптілді білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
25 сәуір 2014 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции:
«Актуальные проблемы развития полиязычного образования на современном этапе», посвященной 70-летию **Казахского государственного женского педагогического университета**
25 апреля 2014 год

MATERIALS

of International Scientific and Practical Conference **“Actual Issues of Multilingual Education development at Modern Stage”** devoted to the 70th Anniversary of the Kazakh State Women's Teacher Training University.
25 April 2014 year

II-бөлім

МАЗМҰНЫ

1 секция / section Гуманитарлық ғылымдар секциясы

Абдрасилова С.Ж. Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің тақырыптық топтарын меңгерту жолдары.....	5
Кайсарулы А. Пути обогащения словарного запаса студентов при обучении учебным текстам.....	7
Атханова Л. Студенттердің әдеби тіл стильдеріндегі мәтін бойынша жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту әдістемесі.....	9
Байденова А.С. Шетел тілін оқытудағы рөлдік ойындарды қолданудағы негізгі мәселелері.....	11
Бейсенбекова А.М. Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері.....	14
Бейсембиев Б.К. Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің жасалу жолдары.....	16
Болатбекова А.Б. Тынымбай Нұрмағанбетовтің прозасындағы ерекшелік.....	19
Gairova A.A. Teaching English Throw Films.....	21
Джамалдинова М.Т. Шетел тілінде тілдесім мәдениетіне оқыта отырып, студенттердің лингвомәдениеттану құзіреттілігін қалыптастыру.....	24
Джамамбетова А.У. Teaching speaking.....	26
Жолдасбекова А.А. Фариза Онгарсынова шығармалары тілінің ұлттық танымдық қыры.....	27
Жұмабеков Қ.Ж. Мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті дамытуда мультимедиялық құралды қолданудың әдіс-тәсілі.....	30
Илиева Х.Ш. Жобалық әдісті қолдану - XXI ғасырдағы шет тілдерді оқыту мазмұнын жаңартудың маңызды стратегиясы.....	33
Имамзарова Г.С. Шетел тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдану.....	35
Искакова Н.С. Особенности употребления имен прилагательных в политических новостных текстах СМИ.....	37
Қалиева В.А. Тұлға және тілдік тұлға.....	39
Қалиева Н.Ш. «Қашықтық» концептінің этнолингвистикалық сипаты.....	40
Кенжеханова Ж. Лингвомәдени зерттеулердегі негізгі бағыттар.....	43
Қожабекова Г.К. Т.Өлімқұлов шығармаларындағы «күй» концептісінің аксиологиялық сипаты.....	44
Құлшаева А.М. Using games in English language learning.....	47
Mukhatova F. Use of technologies in English language teaching.....	51
Нусипалиев Н.С. Жоғарғы оқу орындарындағы тілдік емес мамандықтар бойынша ағылшын тілін оқытуда коммуникативті технологияларды қолдану.....	52
Орынбасаров Н.Т. Сөз этикеті – сыпайылық категориясының ажырамас элементі.....	54
Орынбек Г. Қытай тіліндегі киелі сандардың ерекшеліктері.....	56
Сайбиров Т.Қ. Жаңа әдіс-тәсілдер көмегімен ағылшын тілі сабақтарын өткізудің тиімділігі.....	58
Daniyar T. Advantages of teaching legal English using the case method.....	61
Абдикаймова Т. Взаимовлияние и взаимодействие языка и культуры.....	63
Akbergenova G. Learning English: how to form the students' effective lexical vocabulary?.....	66
Аликулова Д. Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің таным қабілеттерін арттырудың жолдары.....	68
Армия Е. Компьютерлік құралдарды шет тілі пәні мен информатика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдаланудың ерекшеліктері.....	71
Атамқұлова А.М. Применение метода проектов в вузе на занятиях по английскому языку.....	75
Ахтанбекова А.А. Здоровье сберегающие технологии на уроках английского языка.....	77
Ашурметова С.Г. Орта буын сыныптарда әңгіме жанрын оқытуда жобалау технологиясын пайдаланудың тиімділігі.....	79
Бедерова М.О. Шет тілі сабағында оқушылардың белсенділігін арттыру.....	81
Bekbayeva A. Using of role play at senior stage of the secondary school.....	83
Биманалиева М. Ағылшын тілін оқытуда танымдық жаттығулар арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру.....	86
Дюсебаева С.Б. Шет тілін оқытудың бастапқы деңгейінде өз бетінше оқылымға үйретудің мақсаты мен мазмұны.....	89
Қасымбекова А. Үштілді білім беру жүйесінде шет тілі оқытушысына қойылатын талаптар.....	91
Керімбеков Т.С. Ағылшын тілі сабағында жоба технологиясын қолданудың тиімділігі.....	93
Құрманқұлова С. Шет тілін оқытуда тілдік материалдарды таңдау принциптері.....	95

2 секция / section 2 Қоғамдық ғылымдар секциясы

Адырбекова М.К. Жаңа заманға көзқарас.....	98
Ахметова Г.С. Джихад в «Обличии» терроризма.....	100
Мелсова Р.Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы математиканың рөлі.....	102
Мұрат.А.М. Ересек топ балаларының коммуникативтік біліктілігін қалыптастырудағы сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы.....	104
Аманғалиева М.Ж. Туған жер тынысы.....	106
Несипбекова М.К. Сахна тіліндегі просодикалық тәсілдер.....	108
Нұрланбекова Н.Д. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбек баулуының маңызы.....	111
Задаева А.А. Рекламный дискурс в межкультурной парадигме.....	112
Сабазова Д. Межкультурная коммуникация – процесс общения и обмена информацией между различными культурами.....	115
Сайбекова Н.У. Коммуникативті іс – әрекет - жеке тұлға дамуының негізі.....	117
Садат С.Р. Особенности живописи в миниатюрах кемаледдин бехзада.....	119
Сұлтан Ж.И. Жансүгірова Ж.А. Психологический готовность детей к школе.....	121
Тұяқова А.Ж. Заң терминдерін түсіндірудегі интерактивті әдістер.....	123
Етекбаева А. А. 12 жылдық мектептің бастауыш деңгейінің білім мазмұнын меңгерудің теориялық аспектісі.....	126
Каликбергенова Р.Қ. Студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары.....	128
Ходжаева Ұ.Х. Қазақстандағы баламалы энергетика көздерін тиімді пайдалану және қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешу жолдары.....	131
Акилбекова С. Е. Л.Н.Гумилевтың өмірлік жолына тарихи көзқарас.....	133
Байқанова Н. Қабілет – жеке тұлға дамуының негізгі факторы ретінде.....	136
Дауылбаева Д. Мәдениетаралық коммуникация ұғымына жалпы түсінік.....	139
Искакова Г.А. Мырзатаева Б.П. Керу қабілеті зақымдалған жеткіншектердің шығармашылық қабілеті мен өзіндік санасының өзара байланысының теориялық негіздері.....	141
Оспанова Ұ.Ә. Математиканың халықтық тәрбие берудегі қызметі.....	143
Қарыбаева А. С. Роль дискурсивной компетенции в обучении иностранному языку.....	145
Жақыпбекова А.М. Етістіктің грамматикалық категорияларының жұмсалымдық семантикасы (бала тілі материалдары негізінде).....	147
Ргаева Ж.М. Шетел тілін оқытудың бастапқы деңгейінде мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.....	149
Мундаева Н. Диалог пен монологтың драмалық шығармалардағы қолданысы.....	151
Бостанчиева М.О. О функционировании синтагмы в русском и английском языках.....	153
Смайыл Ж. Ж. Қытай тіліндегі фразеологизмдер.....	154
Сентова С.У. Концепт «СТРАХ» в русских и английских фразеологиях.....	158
Тұяқова А.Ж. Ағылшын тілі сабағында құқықтық заң терминдерін модельдеу әдісі арқылы түсіндіру.....	159
Күлімбаева Ш.С. Түркі тілдес басқа халықтардағы алғыс, бата сөздерінің ұқсастықтарын көрсету.....	162
Қошқарбаева Б. Қазіргі педагогика саласында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзырлық деңгейі.....	165
Серимбетова Р.Р. Ағылшын тілі сабағында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын қолданудың тиімді жолдары.....	167
Masckenova Zh. Using role plays in teaching English.....	169
Куанышева С.М. Применение проектной методики в обучении иностранным языкам.....	171
Оспанова Назира Жалпы білім беру жүйесінде шетел тілін оқытудың маңызы мен ерекшелігі.....	172
Абдрахманова Г.С. Ағылшын тілі сабағындағы интербелсенді әдістерді қолданудың теориялық негізі.....	175
Султанмуратова Ұ.П. Академиялық ұтқырлық жобасы – болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігінің табысты кепілі.....	177
Лебаева Д.І. Шет тілін оқытуда студенттерді сөйлеуге үйретуде инновациялық технологияларды қолдану.....	179

мұғалімдердің басты мәселесі аутенттік материалдарды қолдану болып табылады. Қазіргі кездегі оқулықтарда аутенттік мәтіндер аз. Мәтіндер түсінуге оңай және олардың ішінде шетелдік мәдениет өзгешеліктері кездеспейді.

Менің ойымша, аутенттік мәліметтерді қолдану оқу уәждемесін бірден көтеруге септігін тигізеді, себебі, уәждемесіз ешқандай оқыту тиімді болмайды. Сонымен қатар, аутенттік мәліметтер таным уәждемесін де көтереді, оқушылар сол елдің қазіргі кездегі өмірі жайлы қызықты деректерімен танысады.

Аутенттік мәтіндерді оқу сол елдің мәдениетін, өмір салтын білуді қажет етіп қана қоймайды, сол ақпараттардың бағалы қайнар көзі болып табылады. Қорыта келгенде, әдістемелік мақсаттағы, табиғи шығарма ретіндегі аутенттік мәтіндерді қолдану - ауызша сөйлеу қызметтерінің барлық түрлерін (монолог, диалог, полилог) тиімді меңгеруді жүзеге асырады, коммуникативтік шеберлігін дамытуға қолайлы жағдай туғызады, белсенділігін және жеке қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Носонович Е.В., Мильруд Р.П. Критерии содержательной аутентичности учебного текста / Иностранные языки в школе, 1999. № 2.
2. Барышников И. В. Параметры обучения межкультурной коммуникации / Иностранные языки в школе, 2002. № 2.
3. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.: 2000.
4. Синица Ю.А. Межкультурная коммуникативная компетенция / Иностранные языки в школе. – 2002. №6.

Мақалада мектептерде шет тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Кілт сөздер: аутенттік мәтін, мәдениаралық байланыс, аспект, стратегия, критерий

В статье рассматриваются методы и приемы работы с аутентичными текстами в обучении иностранному языку.

Ключевые слова: аутентичный текст, межкультурная коммуникация, аспект, критерий

In this article are considered methods and techniques of using authentic texts in foreign language learning.

Key words: authentic text, intercultural communication, aspect, criterion

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Бейсембиев Б.К.

Абай атындағы ҚазҰПУ магистрант

Тілдің тарихы өте ерте заманда пайда болып, ұзақ жылғы даму сатыларынан өткен. Бұл үрдіс тоқтап қалған жоқ, тоқтамайды да. Қазіргі заманға жеткен ең көне жазба ескерткіштер түркі сөздерінің не біркелкі жуан, не біркелкі жінішке болып келетінін, әрі түбір сөздер бір буынды болғанын, жаңа сөздердің осы түбірлерге әртүрлі жұрнақтардың үндесе жалғануы арқылы жасалғанын көрсетіп берді. Бұған қоса сөз негізгі және туынды түбірден тұрады. Сөз өзінің құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Жалаң сөз негізгі және туынды түбірден тұрады. Ал күрделі сөз кемінде екі түбірден құралып бір ғана зат пен құбылыстың атауы болады. Сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқартылуы арқылы жасалған сөздер күрделі сөздер делінеді. Күрделі сөз қатарына А. Ысқаков пен К. Ақанов біріккен сөз, қос сөз, қысқараған сөз және сыңарлы бөлек жазылған күрделі сын, сан, зат есімдерді, етістіктерді қарастырады. А. Ысқаковтың ұсынған классификациясында күрделі сөз арасынан фразеологиялық тіркестер де орын алады. Ғалымдар еңбектерінен кейін, күрделі сөздерді классификациялаудың мынадай сара жолы салынды: сөз құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сөз негізгі және туынды түбірден тұрады. Ал күрделі сөздер біріккен, қос, қысқарған және бөлек жазылған күрделі сөздер болып бөлінеді. Мұндағы әр түрлі терминге ие болып жүрген бөлек жазылатын күрделі сөздер. Мұны А. Ысқаков, Ә. Ахабаев тіркескен күрделі сөздер десе, Р. Сыздыкова лексикаланған тіркес сөздер деп те атаған. Бүгінде ортан жілік, асықты жілік, кәрі жілік, жамбас жілік, т.б. тіркестілімділігі шектеулі сөздер деп те аталып жүргені белгілі. Әуелде С. Исаев оларды атаулы тіркес (көр тышқан, жарыс сөз, Арал теніз) деп атап фразеологиялық және еркін тіркестен бөліп қарау керектігін айтады. Кейін тіркесті түбір деген жаңа термин ұсынады [1]. Ал профессор М. Балақаев бұларды түйдекті тіркестер (бұларға күрделі етістік, күрделі есім, идиома, көмекші сөз бен негізгі сөздерді жатқызады) десе, түйдекті тіркес деп соңғы кездері тек негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі алынып жүр [2].

Жоғарыдағы терминдерді аталған авторлар бекер ұсынбайды. Синтаксистік сөз тіркесі шекарасынан шығып, құрама сөз ұясына ене алмай жүрген аралықтан сөздердің номинациялау, абстракциялану дәрежесі өте алуан түрлі. К. Аханов, А. Ысқаков, М. Балақаев т.б. күрделі сөзді зерттеген авторлардың ауыл шаруашылығы, қалбағай омыртқа, аса таяқ, ауыз әдебиеті деген тіркестерді күрделі тіркестерге жатқызуы – осы тіркестерді одан әрі саралауға жол ашты. Себебі, ауыл шаруашылығы мен қалбағай омыртқаның, аса таяқ пен атамекеннің арасында едәуір мағыналық ерекшелік бар. Сондықтан, С. Исаев, Б. Қалиқызы, Р. Сыздыкова, А. Аблақов сияқты ғалымдардың өз зерттеу тұрғысынан күрделі сөздерді классификациялауға

қосылған жаңа үлес деп атауға болады. Заманның өзгеруіне, қоғамның дамуына байланысты кейбір сөздердің мағынасы тарылса, енді бір сөздер қолданылудан мүлде шығып қалады. Дегенмен, мұндай сөздер де біржола ұмытылып кетпейді әртүрлі сөз тіркестерінде, тұрақты сөздер мен мақал-мәтелдердің құрамында, немесе туыстас тілдердің біреулерінде сақталады. Мысалы, көне түркі тілінде «сөз» деген мағынаны беретін «сап» сөзі қазақ тіліндегі «сөз саптау» сөз тіркесінің құрамында сақталған, яғни «сөйлеу» деген мағынаны береді. Ал енді бір сөздер қоғамның дамуына байланысты үстеме мағынаға ие болып жатады. 1980 жылдарға дейінгі еңбектерде сөз тұлғасының бір түрі – күрделі сөз деген ұғым морфологиялық категория ретінде қарастырылып келгені, 1989 жылдан бастап сөзжасам жүйесінде қарала бастағаны белгілі [3].

Қазіргі тіл білімінде күрделі сөздер күрделі мәселе болып табылады. Күрделі сөздер жок тілді көрсету өте қиын, бірақ күрделі сөздер, әсіресе, неміс, ағылшын, жапон, хинди, орыс тілдерінде кең тарағанын жазба деректерден көре аламыз. Күрделі сөздердің тілдерде алатын орны бірдей емес. Ол тілдердің лексикалық жүйесінен әркелкі орын алады. Кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша тәсіл болып, оның нәтижесі елеусіз болады да, сөздіктің периферия бөлімінен орын алады. Кейбір тілдерде ол кең тараған, негізгі тақырыпқа жатады. Соңғы топтағы тілдерге жапон тілі жатады. Лексикадан алатын орнына қарағанда жапон тілін тіпті күрделі сөздің тілі деуге де болады. Осындай күрделі сөздерге бай тілдерге түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі де жатады. Ғалымдар күрделі сөздердің түркі жалпы көне құбылыс екенін, олардың орхон жазба ескерткіштерінің тілінде де барын айта келіп, ескерткіштер тіліндегі кісі аттарынан, жер су аттарынан көптеп мысал келтіреді. Күрделі сөздер барлық басқа туынды сөздер сияқты сөзжасам әрекетінің нәтижесіне жатады. Анығырақ айтқанда, ол – туынды сөздер тобындағы сөздер лексикалық бірлік – деп танылатыны белгілі. Олай болса, аналитикалық синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер тілге белгілі. Күрделі сөздер сөзжасамның тілден үлкен орын алатын аналитикалық синтаксистік тәсіл арқылы жасалады. Сөз жасамның аналитикалық тәсілі ғылымдағы көне әдістердің бірі болып табылатыны баршамызға мәлім. Осы тәсілдің түркі тілдерінде атам заманнан бері қолданылып келе жатқанын орхон жазба ескерткіштердің тілдерінде қолданылған йашыл үгүз – көк өзен, күнгүз – күндіз, Беш балық – Бес балық (қала аты), Қара құм (жер аты), Білге қаған (хан аты) т.б. күрделі сөздерден көруге болады. Келтірілген мысалдар күрделі сөздердің көне замандардан бері қолданылып келе жатқаны екіншіден, олардың географиялық атаулар, яғни өзен, көл, жер, қала және кісі аттарында жиі кездесетіні айқын көрінеді. Осыған қарап, кейбіреулер аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау тәжірибесі түркі тілдерінде осы жер-су, кісі аттарынан басталмады ма екен деген ой айтады [4].

Күрделі сөздер екі не одан да көп сынарлардан жасалады. Сондықтан күрделі сөздердің негізгі белгісінің біріне оның күрделі құрылымы жатады, сол арқылы ол дара сөздерден ерекшеленеді. Мысалы, ата-ана, елтаңба, елбасы, таң намаз, шұбар ала, ой-пікір, тоқсан жеті, теміржол, күні бүгін, майшабақ т.б. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай біріккен сөздер (бүгін, жаздығүні, алғысөз), қос сөздер (үлкен-кіші, аяқ-табақ), қысқарған сөздер (АҚШ, БҰҰ, ЕҰҰ), тіркесті сөздер (қара торғай, қара көк, жүз бес) болып бөлінеді. Тілдегі жаңа сөздер тек түбір сөздерге әртүрлі жұрнақтар жалғану арқылы ғана жасалмайды. Сөз тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі. Мысалы, қазақ тіліндегі «қарлығаш» деген құс атауы әуелде «қара ала құс» деген сөз тіркесі болған. Адам баласы сөйлеу барысында дыбыстау мүшелеріне күш түсіретін артық-ауыс дыбыстардан құтылуға тырысады, нәтижесінде сөздерде ықшамдалу үрдісі жүреді. Қазақ тіліндегі «биыл» сөзі «бұ йыл», «бүгін» «бұ күн», «әкел» сөзі «алып кел», «апар» сөзі «алып бар» сөзінің ықшамдалып, үндестік заңының әсерінен дыбыстық өзгеріске түсіп, кірігіп кетуі арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, күрделі сөздердің негізі анықталушылық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы, яғни бағыныңқылық-басыңқылық қатынастағы сөз тіркестері болған.

Күрделі сөздер жайында ғалым А.Ысқақовтың былай дейді: “Практикалық тұрғыдан қарағанда жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызмет атқарады, олардың олқылықтарын толтырады, ал теориялық тұрғыдан, дара сөздермен жарыса өмір сүріп, сол дара сөздердің тууына қызмет етеді”. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. Күрделі сөздер мен дара сөздердің тілде атқаратын қызметі бірдей.

2. Дара жалаң сөздердің номинативтік қызметі номинация теориясын толықтырады. Яғни бұрын-соңды атауға ие болмаған заттар мен құбылыстарға ат беруде жалаң сөздердің мағыналары логика-семантикалық жақтан үйлесіп, грамматикалық байланысқа түседі. Мұндай құбылысты идиомалану дейді, лексикалану деп те атайды. Күрделі сөз сынарының дыбыстық өзгеріске түсу нәтижесінде жиі қолдану себебінен бастапқы мағынасынан ада-күде айырылуды делексикалану деп атаған. [5] Ғалым күрделі сөз компоненттерінің арақатынасын “бірігу, қосарлану, тіркесу” деп, олардың сыртқы материалдық бөлшегін фонетикалық жақтан, ішкі құрылымын семантикалық жақтан қарастырып, олардың арасындағы қарым-қатынастың нәтижесінен күрделі сөздердің тілдік заңдылықтарының жиынтығы шығатынын саралап көрсетті. Бұл мәселе “күрделі сөз” бен “біріккен сөз” терминдерінің басын ашуға көмектеседі. Әдетте бірігіп жазылған сөздерді “біріккен сөз” деп, бөлек жазылатын сөздерді “күрделі сөз” деп атаймыз.

Қазақ тіл білімінде күрделі сөздер мәселесі бүгінгі күнге дейін ғалымдардың назарынан тыс қалмай келе жатқан күрделі проблемалардың бірі. К.Аханов тіркескен сөздерді құрама сөз деп атап, оларды сөз таптары аясында сипаттағанда қайтадан күрделі сан есім, күрделі сын есім атауларын пайдаланады. Ал К.Күдерінова құрама сөз деп «синтаксистік сөз тіркесі шеңберінен шыққан лексикаланған немесе шектеулі тіркес (орган жілік, бет күрделі орамал, кол орамал, асықты жілік), күрделі етістік, күрделі сын есім, күрделі сан есім енеді» [6] -деп көрсетеді.

Қазақ тілінде өзіндік сыры бар байырғы сөздердің бірі – сан атауларына қатысты тілдік бірліктер. Бұл жерде сан атауларынан жасалған күрделі атауларды – тілдік бірліктерді ақиқат өмірдің үзгі ретінде қараудың мәні ерекше. Күрделі атау, сандық ұғымдардан жасалған күрделі атаулар – сөзжасамдық бірліктер. Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алатындықтан, бұл сөз табы күрделі сан атауларына өте бай. Осы сөз табын негізінен күрделі сөздерден тұрады деуге боларлықтай, өйткені мұнда дара сан атаулары өте аз. Тіліміздегі сан есім сөз табын құрайтын сөздердің жиырма шактысы ғана дара сандар. Олар бірліктер мен сандық қатарлардың аты. Бірінші сандық қатар бірліктер болса, олар түгел дара сандардан тұрады, мұнда күрделі сан жоқ. Екінші сандық қатар — ондықтар, олар да тоғыз ондықтың атынан тұратын дара сандар. Мысалы: он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан. Екінші қатар ылғи ондықтардың атынан тұрғанымен, бір ондықтан екінші ондыққа өте отырып, үшінші қатарға жету үшін, екінші мен үшінші қатар арасындағы сандарда екі сан араласады, олар: ондықтар мен бірліктер, яғни бұл күрделі сандар екі компоненттен тұрады. Мысалы: отыз бес, қырық сегіз, жетпіс тоғыз, сексен сегіз, тоқсан тоғыз т. б. Үшінші сандық қатардан бастап, әр сандық қатардың өз ішіндегі сандар да, бір сандық қатар мен келесі сандық қатардың арасындағы сандар да күрделі сандардан тұрады және олардың компоненттік құрамы да барған сайын өсе береді. Тек үшінші сандық қатарға жататын жүздіктер аты ғана екі компоненттен тұрады: екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз. Бір жүздіктен екінші жүздікке, одан төртінші қатар мыңға дейінгі аралықтағы күрделі сандардың компоненттері үштен басталып, төртке дейін жетеді. Мысалы: жүз алпыс бес, тоғыз жүз тоқсан тоғыз т. б. Екі я онан да көп сандардың бір-бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа сандық ұғымды білдіретін түрі күрделі сан атаулары аталады. Мысалы: алпыс бес, жүз тоқсан жеті, төрт жүз сексен сегіз, үш мың төрт жүз елу алты т. б. Тілдегі күрделі сандардың — әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, әрқайсысы да белгілі санды білдіреді. Оларға синонимдік қасиет тән емес.

Сөйтіп, тіліміздегі сандық қатарлардың көбі күрделі сандардан тұратыны анықталды. Оның үстіне әр сандық қатарлардың арасындағы күрделі сандар да қосылады. Осының бәрі тілімізде күрделі сан атаулары көп екенін көрсетеді.

Ал күрделі сындар деп екі не одан да көп сынарлардан құралып, бір сындық ұғымды, белгіні білдіретін сөздер аталады. Мысалы, қоңыр қошқыл, ал қызыл, қара көк, қонқак мұрынды, ұзынтұра, ат жақты, ерке тотай т.б.

"Күрделі сын есімдер" деген термин 1952 жылғы А.Ысқаков пен К.Аханов авторлығымен шыққан мектеп грамматикасынан бастап, ғылыми айналымға түсті [4]. Күрделі сындар бір белгіні білдіретін бір сөз, бір лексема болып саналады, ол қаншама сынарлардан құралса да, бір сөздің қызметін атқарады, сөзге қойылатын талаптардың бәріне сай келеді. Күрделі сын есім сөздер бір сындық белгіні білдіретін сөз болғандықтан, сөйлемде бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір мүшесі болады. Күрделі сындар біртұтас сөз болғандықтан, олардың құрамындағы сынарлардың орны тұрақты және олардың орнын ауыстыруға болмайды. Күрделі сындардың сынарлары толық мағыналы сөздерден болады. Жалпы тіл біліміндегі күрделі сөздер теориясында күрделі сөздердің толық мағыналы сынарлардан жасалатыны - әбден танылған пікір. Қазақ тіліндегі күрделі сындар да осы теорияға толық сәйкес келеді. Өйткені күрделі сындардың мағынасы оның құрамындағы сынарлардың мағынасының негізінде жасалып, күрделі сындық ұғымды білдіреді. Күрделі сындардың құрамы қандай күрделі болса, мағыналары да сондай күрделі болады. Мысалы, қызыл ала көйлек, қара көк қамзол, мойыл қара мақпал, солғын қызғылт орамал т.б. осы сияқты күрделі сындарды алсақ, заттың сындық белгісі біртекті емес екенін көру қиын емес. Мұндағы сындардың мағыналары да күрделі екені анық, яғни заттың сындық белгісі түрлі сындық белгілерден құралады. Күрделі сындар сөзжасамның аналитикалық тәсілінің ішкі үш түрі арқылы сөзқосым, қосарлау, тіркестіру тәсілдері арқылы жасалады. Осыған байланысты күрделі сындардың үш түрі бар: 1) біріккен күрделі сындар, 2) қосарланған күрделі сындар, 3) тіркескен күрделі сындар.

Біріккен күрделі сындар онша көп емес, олар көнетоз, көнтері, тілалғыш, есерсоқ, біртоға, алаңғасар, аласабыр, бұратана, кемтар, кертартпа, қонақжай, жарымжан, балажан, қарапайым, кеудемсоқ, ішкүста (ашу), етженді, кірпияз, мөжантопай, етекбасты (мінез) сияқты сөздер.

Қосарланған күрделі сындар тілде бірсыпыра: үлкенді-кішілі, жаманды-жақсылы, ақты-қаралы, қызылды-жасылды, ерке-бұлаң, көл-көсір, ала-құла, ағал-жағал, сыбай-салтан, қан-сөлсіз, кедір-бұдыр, телегей-теңіз, ұзыннан-ұзақ, өркеш-өркеш, үйме-жүйме, аумалы-төкпелі, қырғи-қабак, өлем-жәлем, сұлу-сыпайы, қдйғы-қасіретсіз, үлкен-үлкен, ұсақ-түйек, биік-биік т.б.

Тіркескен күрделі сындар тілімізде кең орын алады. Олар сөзді танудың емле белгісіне бағынбайды. Тіркесті күрделі сындар неше сындардан құралса да, оның сынарлары бөлек-бөлек жазылады. Мысалы, ақ сары, күрең қызыл, қара қошқыл, теңбіл көк, удай ашы, қоңыр салқын, майда қоңыр, қызыл шұнақ (аяз), түлкі бұлаң, көк долы, көк жасық, кер шолоқ, арыстандай айбынды, қасқыр ішікті т.б. Осы тіркескен сындардың қайсысы болсын біртұтас мағына береді. Күрделі сындың барлық белгісіне сай келеді.

Күрделі етістіктердің де сынарларының бөлек жазылуы қалыптасқан заңдылық. Оның себебін ғалым Н.Оралбаева былайша түсіндіреді: «Көмекші сөздер аналитикалық формантка қатысты, сондықтан аналитикалық форманттың сөзге тіркесуі де жалғамалылыққа қатысты. Түркі туыстас тілдердің грамматикалық құрылысы бойынша грамматикалық элементтің сөзде жігі анық көрініп тұрады. Осы ерекшелік грамматикалық элементтің сөз құрамындағы өзіндік дербестігі деп саналады [7]. Негізінен тілімізде құранды етістіктердің бірге тұлғалануы бар. Мысалы, ержету, демалу, бойжету, бойыру.

Мұнда есім сыңардың түбір күйінде жұмсалуды және осы тіркестер беретін ұғымды тіл өзіне таңбалау қажеттілігі, алғашқы атау болып қалыптасуы тіркестің универбтелуіне әкелген.

Тіліміз күрделі сөздерге өте бай, бірақ олардың нақты санын дәл айту қиын. Құрамындағы сөздердің түрліше болуына қарамастан, сөз категориясына қатысы жағынан келгенде күрделі сөздер сол тұтасқан күйінде бір ғана сөз табы болады. Күрделі сөздер – тіліміздің сөздік қорының мол байлығының бір тармағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исаев. ҚҚТ. Морфология курсы бойынша, А., 1991

2. Қазақ тілінің грамматикасы.- Алматы, 1967.

3. www.egemen.kz/?p=3486

4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.

В данной статье говорится о сложных словах в казахском языке

This article deals with the problems of compound words and their ways of formation in Linguistics.

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВТИҢ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІК

Болатбекова А.Б.

Қазмемқызпу, магистрант
Каспий қоғамдық Университеті
ф.ғ.к., доцент Ниятова Ш.С.

Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында күллі әлемде адам дегуманизациясының террористік тәсілдері белең алып, нигилистік принциптер әдебиет модасына айналып жатқан кезеңде бұл Т.Нұрмағанбетовтің қаламы адам рухының жарығы мен жылуын, адам жүрегінің басқа ешбір тірі жан өкіліне кездеспейтін нұрлы сәулесін қара сөзбен жырлағанын ерекше атағанымыз жөн болар [1]. Оның шығармаларында қарапайым халық өмірі кейде романтикалық жарқындығымен, кейде балғын поэтикалық бояуларымен, ауыл тұрмысының өзіне ғана тән егжей-тегжеймен және нәзік әдемі юморымен, даланың жусанымен, шалғынымен көз тартады, көңіл тазартады. XX-шы ғасырдың әлі кірлеп үлгермеген, мөлдіреген поэтикалық пәктіктері, жанындағыларға жақсылық жасауға ұмтылу сезімдері, аңқаулықтары, сенгіштіктері, жан дүниелерінің сұлулықтары – олардың биік рухтарының куәсі. Осы рух олардың өмірлеріне бақыт пен шаттық орнатқан. Қаламының серпіні өз ойын дәл сенің ойындай етіп, өз тілегін дәл сенің тілегіндей етіп жеткізіп, жүрегіңді кейіпкердің жүрегіне жіпсіз жалғап жібергенін байқамай да қаласың.

Мысалы, «Белсебет» деген әңгімесіне назар аударайық. Кәдімгі велосипедті армандаған баланың жай-күйі бәрімізге таныс, бәрімізге ыстық: «Ұйықтасам – түсіме кіреді. Оянсам – елестейді. Кейде сабақта отырып та, тіпті отын жарып, әлде өзеннен су әкеле жатып та ойлайтынымды қайтерсің... Ойлайыншы да демеймін-ау, ойыма өзінен өзі түсе кетеді» [2, 194-6]. Жазушы көркемдік мәнді осылайша өмірдің кез келген материалынан көсіп алып, оған драмалық сипат берген, эстетикалық, этикалық мәні қазақ халқының мінезін ашқан. Драматизмнің кульминациясын емін-еркін диалог арқылы бергені кейіпкерді оқырманға тіпті жақын ете түскен:

– Ата-ау, астымда белсебет болса, қайда жұмсағаның да бас тартпаспын. Дүкеннен кант-шайды өзім барып әкелер ем... Ана ауыл, мына ауылдарды да той-жиынға шақырушы болар ем. Етікшіге берген мәсіңіздің біткеніне бір жеті. Көлігіңіз жоқ болған соң бара алмай отырсыз. Ал менің белсебетім болса, сізді мінгестіріп алып құстай ұшып...

– Өзі қанша адам көтереді? – деді атам белсебеттің суретіне тағы бір қарап алып...» [2, 194-6]. Баланың жан дүниесінен жап-жарық нұр, жылы шуақ шашылады, буыны қатпаған балапанның балғын қанатын қомадағанын, өзіндік талпынысын, әрекеттерін, сүйкімді аңғалдықтарын дәл қасында тұрғандай көресің.

Жазушы шығармасында әлеуметтік-психологиялық қуат-күштер үнемі серпіліп, сезіліп тұрады. Бұл әлеуметтік психологиялық қуат-күш оның кейіпкерінің әрбір қимылынан, іс-әрекетінен, ой өрісінен сыртқа теуіп, тіпті дауыс децибелдерінің де әсерін сезінесің:

–Жанай өт, Қонысжан. Жанай өт!

–Неге? – дедім мен атамның балаша жеңілденіп кеткенін шын жақтырмай.

–Е.құманын ала қашпаймын ба? Жеңгем ғой... «Здесь русский дух, здесь Русью пахнет» – деп орыстар мақтаншыпен айтпақшы, жазушы Т.Нұрмағанбетовтің шығармаларынан да осылайша нағыз қазақ рухы, нағыз қазақ иісі аңқып тұрады: «Атам әуелі белсебеттің майысқан дөңгелегіне көз қияғын бір тастап өтті. Бірақ мендей ашынып ыршынған жоқ. Ыршынғаны не? Көз қияғын тастауы да – немкетті көңіл.

– Әй, Қонысжан, Кербиені ішіндегі құлынымен сатсам, осының нешеуі келеді?» [2, 194-6].

Тағы да ұлттық менталитеттің оттай ыстық, тайға таңба басқандай жарқын көрінісі. Нағыз қазақ шалына ғана тән бақай есептен адалықтың, немересіне деген ыстық пейілдің, көңілі келгенде көл болатын нағыз қазақы мінездің куәсі боламыз. Шығарма баланың көңіл күйін, сезім-ойларын дәл камтып,